LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

LG сандық сәйкестендірілген жинағы

(МОНИТОР СӘЙКЕСТЕНДІРІЛГЕН ЖИНАҒЫ)

Құрылғыны іске қоспас бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін анықтама ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

32SM5C	43SM3C	32SM5KC
43SM5C	49SM3C	43SM5KC
49SM5C	55SM3C	49SM5KC
55SM5C		55SM5KC
65SM5C		65SM5KC

www.lg.com

МАЗМҰНЫ

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ 3

- Өнімді орнату кезіндегі сақтық шаралары 3
- Айнымалы ток адаптері мен электр қуатқа байланысты сақтық шаралары .. 5
- Өнімді тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары 7
- Өнімді пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 8
- Қабырғаға бекіту 9

ЛИЦЕНЗИЯЛАР 10

ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ 11

- Қосымша қосалқы құралдар 12
- Бөлшектер мен түймелер 14
- Жад қақпағын жинау 15
- Тіректі қосу 16
- Динамиктерді қосу 18
- ИҚ сенсорына жалғау 21
- Портреттік орналасу 22
- LG логотипті кронштейнді тағу және алу 23
- Қабырғаға орнату 25

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ 28

ЖАЛҒАУ ҮЛГІЛЕРІ 30

- Компьютерге жалғау 30
- Сыртқы құрылғыны қосу 30
- Кіріс көздерінің тізімі параметрін пайдалану 32

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ 33

ӨНІМ СИПАТТАРЫ 36

АБАЙЛАҢЫЗ - Бұл А сыныпты өнім. Үйде қолданылғанда бұл өнім радио кедергілер тудыруы мүмкін. Бұл жағдайда, пайдаланушы тиісті шараларды қолдануы керек болуы мүмкін.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Өнімді қолданар алдында, осы сақтық шараларын мұқият оқып шығыңыз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

«Абайлаңыз» деп белгіленген хабарды елемеген жағдайда, қатты жарақат алуыңыз мүмкін немесе қайғылы оқиғаға ұшырау немесе өлім қаупі бар.

⚠ ЕСКЕРТУ

Ескерту хабарын елемеген жағдайда, жеңіл жарақат алуыңыз немесе өнім зақымдалуы мүмкін.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Тек ғимарат ішінде қолдануға арналған.

Өнімді орнату кезіндегі сақтық шаралары

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Электр жылытқыштар сияқты жылу көздерінен алыс ұстаңыз.
  - Ток соғуы, өрт шығуы, ақаулық орын алуы немесе құрылғы зақымдалуы мүмкін.
- Ылғалға қарсы материалдар бумасын немесе винил орауышты балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
  - Ылғалға қарсы материалды жұту зиянды. Абайсызда жұтып қойған жағдайда, науқасты құстырып, жақын жердегі ауруханаға апарыңыз. Оған қоса, винил орауыш тұншығуға себеп болуы мүмкін. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Өнімнің үстіне ауыр заттар қоймаңыз немесе оның үстіне отырмаңыз.
  - Егер өнім құласа немесе түсіп кетсе, жарақаттануыңыз мүмкін. Балалар ерекше назар аударуы керек.
- Қуат сымын немесе сигнал кабелін жолда қараусыз қалдырмаңыз.
  - Адам сүрініп, өз кезегінде ток соғуға, өрт шығуға, өнімнің бұзылуына немесе жарақаттануға әкелуі мүмкін.
- Өнімді таза әрі құрғақ жерге орнатыңыз.
  - Шаң немесе ылғал ток соғуға, өрт шығуға немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Түтін, басқа иістер немесе ерекше дыбыстар шықса, өнімнің қуат сымын ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Тиісті шаралар қолданбай өнімді қолдануды жалғастыра берсеңіз, ток соғу немесе өрт шығу қаупі пайда болады.
- Өнімді құлатып алған немесе ол бұзылып қалған болса, оны өшіріп, қуат сымын ажыратыңыз.
  - Тиісті шаралар қолданбай өнімді қолдануды жалғастыра берсеңіз, ток соғу немесе өрт шығу қаупі пайда болады. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімнің үстіне зат қоймаңыз немесе соққы келтірмеңіз. Өнімнің экранына ойыншықтар немесе заттар лақтырмаңыз.
  - Бұл әрекет нәтижесінде адамдар жарақат алуы, өнім ақаулығы пайда болуы және дисплей зақымдалуы мүмкін.
- Сыртқы құрылғыға жалғаған кезде, өнімді құлатып немесе түсіріп алмаңыз.
  - Бұл жарақат алу қаупін тудыруы және/немесе өнімді зақымдауы мүмкін.
- Ойын құрылғысына жалғаған кезде, құрылғыдан экранның диагональ өлшемінің төрт есесіне тең арақашықтық ұстаңыз.
  - Егер өнім кабельдің қысқалығына байланысты құлап қалса, бұл жарақат алу қаупін тудыруы және/немесе өнімді зақымдауы мүмкін.
- Экранда қозғалыссыз сурет ұзақ уақыт тұрып қалса, экран зақымдалып, сурет экранға басылып қалуы мүмкін. Өнімді ұзақ уақыт пайдалану үшін компьютердегі экран сақтағышты немесе өнімдегі сурет қалдығынан қорғау функциясын пайдаланыңыз және өнімді пайдаланбаған кезде, қуатты ажыратып қойыңыз. Суреттің басылып қалуы және онымен байланысты ақаулықтар бұл өнімнің кепілдігінде қамтылмаған.
- Май немесе майлы ауа әсер ету қаупі мүмкін болса, бұл өнімді қабырғаға ОРНАТПАҢЫЗ.
  - Ол өнімді зақымдауы және істемей қалуына себеп болуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Өнімнің желдету тесіктері бітеліп қалмауын қадағалаңыз. Өнімді лайықты кең жерге (қабырғадан кемінде 100 мм) орнатыңыз.
  - Егер өнімді қабырғаға тым жақын орнатсаңыз, ақаулық пайда болуы немесе ішкі қызудан өрт шығуы мүмкін.
- Өнімнің желдету тесігін дастарханмен немесе пердемен көлегейлемеңіз.
  - Өнім іші шамадан тыс қызып кетсе, ақаулық немесе өрт шығуы мүмкін.
- Өнімді құлап кету қаупі жоқ, тегіс және берік жерге орнатыңыз.
  - Егер өнім құлап қалса, жарақат алуыңыз немесе өнім сынып қалуы мүмкін.
- Өнімді электрмагниттік кедергілер пайда болмайтын жерге орнатыңыз.
- Өнімді күн сәулесі тікелей түспейтін жерге қойыңыз.
  - Өнім зақымдалуы мүмкін.
- Егер өнімді ұсынылған шарттарға сай келмейтін жерге орнатсаңыз, ол өнімнің сурет сапасына, қызмет мерзіміне және сыртқы көрінісіне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін. Орнатар алдында LG корпорациясынан немесе білікті орнатушыдан ақыл-кеңес алыңыз. Бұл ескерту ұсақ шаңы не май көп, химиялық заттар қолданылатын, температурасы өте жоғары немесе төмен, ылғалдылығы өте жоғары немесе өнім ұзақ уақыт бойы қосылып тұруы ықтимал (әуежай және теміржол вокзалы) жерлерге де қатысты, сондай жерлерде қолдану кепілдік күшін жояды.
- Өнімді дұрыс желдетілмейтін жерге (мысалы, кітап сөресіне, шкаф ішіне) немесе сыртқа орнатпаңыз және жастықтың немесе кілемнің үстіне қоймаңыз.
- Оған қоса, жарықтандыру құралы сияқты қыздырғыш заттар бар жерге орнатпаңыз.

Айнымалы ток адаптері мен электр қуатқа байланысты сақтық шаралары

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер су немесе бөгде заттар өнімнің (теледидардың, монитордың, қуат сымының немесе айнымалы ток адаптерінің) ішіне кірсе, қуат сымын бірден ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Әйтпесе, өнімнің зақымдалуына байланысты өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Қуат сымын немесе айнымалы ток адаптерін ылғал қолдарыңызбен ұстамаңыз. Ашаның істікшелері ылғал немесе шаң болса, пайдаланбастан бұрын оларды сүртіп, құрғатыңыз.
  - Әйтпесе, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Қуат сымын айнымалы ток адаптеріне толығымен кіргізіңіз.
  - Дұрыс жалғанбаса, нашар байланыстан өрт шығуы немесе ток шоғуы мүмкін.
- LG Electronics, Inc. қамтамасыз еткен немесе мақұлдаған қуат сымдарын және айнымалы ток адаптерлерін пайдаланыңыз.
  - Мақұлданбаған өнімдерді пайдаланудан өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Қуат сымын ажыратқанда әрдайым ашасынан ұстап тартыңыз. Қуат сымын күштеп майыстырмаңыз.
  - Қуат желісі зақымдалып, ток соғу немесе өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін.
- Қуат сымының немесе айнымалы ток адаптерінің үстінен баспаңыз не болмаса үстіне ауыр заттар (электронды құрылғылар, киімдер, т.б.) қоймаңыз. Қуат сымын немесе айнымалы ток адаптерін өткір заттармен зақымдап алмаңыз.
  - Зақымдалған қуат сымдарынан өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Ешқашан қуат сымын немесе айнымалы ток адаптерін бөлектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.
  - Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Қуат сымын міндетті түрде жерге қосылған ток көзіне жалғаңыз.
  - Ток соғуы мүмкін, сондай-ақ жарақат алу қаупі де бар.
- Тек номиналды кернеуді пайдаланыңыз.
  - Өнім зақымдалуы немесе сізді ток соғуы мүмкін.
- Күн күркіреп, найзағай ойнағанда, қуат сымы мен сигнал кабелін ұстамаңыз, себебі ол қауіпті болуы мүмкін.
  - Ол ток соғуға себеп болуы мүмкін.
- Бір розеткаға бірнеше ұзартқыш сым, электр құрылғыны немесе электр жылытқыш жалғамаңыз. Тек компьютермен пайдалануға арналған жерге қосу терминалы бар ұзартқышты пайдаланыңыз.
  - Шамадан тыс қызып кетуге байланысты өрт шығуы мүмкін.
- Қуат ашасын сулы қолмен ұстамаңыз. Оған қоса, сымның істікшесі сулы болса немесе шаң басып тұрса, қуат ашасын толық құрғатыңыз немесе шаңды сүртіп тастаңыз.
  - Шамадан тыс ылғалдылыққа байланысты сізді ток соғуы мүмкін.

- Егер өнімді ұзақ уақыт қолданбайтын болсаңыз, қуат кабелін өнімнен ажыратып тастаңыз.
  - Шаңның жиналуы өрт шығуына немесе изоляцияның бұзылуы токтың қашуына, ток соғуға немесе өрт шығуға әкелуі мүмкін.
- Қуат сымын толық бекітіңіз.
  - Егер қуат сымы толық бекітілмесе, өрт шығуы мүмкін.
- Қуат кабелінің бір ұшы қабырға розеткасына сұғылып тұрғанда, екінші ұшына өткізгіш (металл таяқша сияқты) енгізбеңіз. Оған қоса, қуат кабелін қабырға розеткасына жалғай салысымен ұстамаңыз.
  - Сізді ток соғуы мүмкін.
- Ажыратқыш құрылғы ретінде құрал жалғастырғыш пайдаланылады.
- Құрылғының қабырға розеткасына жақын орналасқанын және оңай жетіп тұрғанын тексеріңіз.
- Бұл құрылғы қабырғадағы айнымалы ток розеткасына қосылып тұратындықтан, құрылғы тіпті өшірілген жағдайда да айнымалы ток көзінен ажыратылмайды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қуат сымын, айнымалы ток адаптерін және қуат ашасының істікшелерін шаңнан және т.б. таза ұстаңыз.
  - Бұл өрт шығу қаупін төндіруі мүмкін.
- Өнімді пайдаланып жатқан кезде, қуат сымын ажыратпаңыз.
  - Токтың соғуы өнімге зақым келтіруі мүмкін.
- Тек құрылғымен бірге берілген қуат сымын пайдаланыңыз. Егер басқа бір қуат сымын пайдалансаңыз, жабдықтаушы бермеген жағдайда оның тиісті мемлекеттік стандарттарға сәйкес сертификатталғанына көз жеткізіңіз. Егер қуат кабелінде қандай да бір ақау болса, ауыстыру үшін өндірушіге немесе ең жақын орналасқан өкілетті қызмет көрсету орнына хабарласыңыз.

Өнімді тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Өнімді міндетті түрде өшіріңіз.
  - Сізді ток соғуы мүмкін немесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- Өнімді тасымалдау алдында барлық кабельдерді алып тастаңыз.
  - Сізді ток соғуы мүмкін немесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- Оны жылжыту үшін міндетті түрде панелін алға қаратып, екі қолыңызбен ұстаңыз. Өнімді қолыңыздан түсіріп алсаңыз, зақымдалған өнім ток соғу немесе өрт шығу қаупін тудыруы мүмкін. Жөндеу үшін өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Міндетті түрде өнімді өшіріп, ток көзінен ажыратыңыз да барлық кабельдерді алып тастаңыз. Үлкенірек жабдықты тасымалдау үшін 2 не одан көп адам керек болуы мүмкін. Жабдықтың алдыңғы панелін күшпен баспаңыз немесе оған күш түсірмеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Өнімді жылжытқан кезде, оны ұрып алмаңыз.
  - Сізді ток соғуы мүмкін немесе өнім зақымдалуы мүмкін.
- Өнімнің қорабын тастамаңыз. Тасымалдаған кезде соны қолданыңыз.

Өнімді пайдалану кезіндегі сақтық шаралары


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Өнімді өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.
  - Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
  - Тексерту, калибрлеу немесе жөндету үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Дисплей ұзақ уақыт бойы қараусыз қалатын кезде, оны қабырға розеткасынан ажыратыңыз.
- Өнімді судан алыс қойыңыз.
  - Өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.
- Экранның алдыңғы және бүйір жақтарын металл заттармен ұрушы немесе сызушы болмаңыз.
  - Бұл экранды зақымдауы мүмкін.
- Жоғары температуралар мен ылғалдылықтан сақ болыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Өнімнің жанына тез тұтанғыш заттар қоюға немесе сақтауға болмайды.
  - Тез тұтанғыш заттарды ұқыпсыз пайдаланудан жарылыс пайда болады немесе өрт шығады.
- Өнімді тазалаған кезде, қуат сымын розеткадан ажыратып, сырып алмау үшін жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз. Дымқыл шүберекпен сүртпеңіз немесе өнімге тікелей су немесе басқа сұйықтықтарды шашпаңыз. Ток соғуы мүмкін. (Бензол, бояу сұйылтқыштар немесе спирт сияқты химиялық заттар қолданбаңыз)
- Көзіңізді қорғау үшін уақытылы демалыс жасап тұрыңыз.
- Өнімді әрдайым таза ұстаңыз.
- Бұлшық еттер дем алып отыруы үшін, өніммен жұмыс істегенде ыңғайлы және табиғи орында отырыңыз.
- Өніммен ұзақ уақыт жұмыс істейтін болсаңыз, үнемі үзілістер жасап тұрыңыз.
- Панелін қолыңызбен немесе тырнақ, қарындаш немесе қалам секілді өткір затпен қатты баспаңыз немесе үстін сырмаңыз.
- Өнімнен тиісті қашықтық сақтаңыз.
  - Өнімге тым жақын қараған кезде, көзіңіз зақымдалуы мүмкін.
- Пайдаланушы нұсқаулығын қарап, тиісті ажыратымдылық пен сағатты орнатып алыңыз.
  - Көзіңіз зақымдалуы мүмкін.
- Өнімді тазалаған кезде тек рұқсат етілген тазалағыш құралды пайдаланыңыз. (Бензол, сұйылтқыш немесе спирт қолданбаңыз.)
  - Өнімнің пішіні өзгеруі мүмкін.
- Тамшылатпаңыз немесе шашыратпаңыз және құмыралар, кеселер, т.б. сияқты сұйықтықпен толтырылған нысандарды аппарат үстіне нысандар қоймаңыз (мысалы, құрылғы үстіндегі сөрелер).
- Батареяларды шамадан тыс қызып кетпесін. Мысалы, тура түскен күн көзінен, ашық жанған каминнен және электр радиаторлардан алыс ұстаңыз.
- Зарядталмайтын батареяларды зарядтағыш құрылғыға салуға болмайды.
- Құлақаспаптарды ұзақ уақыт пайдалану немесе қатты деңгейде тыңдау есту жүйеңізге зиян келтіруі мүмкін.

• Жұмсақ шүберекке 2-4 рет су сеуіп, оны алдыңғы жақтауын тазалау үшін қолданыңыз. Тек бір бағытта сүртіңіз. Тым көп ылғал тот басуға себеп болуы мүмкін.



• Монитор жанында жоғары кернеумен жұмыс істейтін өнімді пайдалануға болмайды. (мысалы, ақаулықты басқару)
  - Мониторда ток соғу сияқты ақаулық болуы мүмкін.

Қабырғаға бекіту

• Осы өнімді өздігіңізден ОРНАТПАҢЫЗ, себебі жарақат алу немесе өнімге зақым келу қаупі болады. Өндіруші мақұлдаған қызметкерлерге хабарласыңыз.

ЛИЦЕНЗИЯЛАР

Қолдау көрсетілетін лицензиялар модельге қарай әр түрлі болуы мүмкін. Лицензиялар туралы қосымша ақпаратты *www.lg.com* сайтынан қараңыз.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



Dolby Laboratories-тің рұқсатымен өндірілген бағдарлама өнімдері үшін керек. Dolby және қос-D Dolby Laboratories-тің тіркелген сауда белгісі.



For DTS patents, see *http://patents.dts.com*. Manufactured under license from DTS Licensing Limited. DTS, DTS-HD, the Symbol, & DTS or DTS-HD and the Symbol together are registered trademarks of DTS, Inc. © DTS, Inc. All Rights Reserved.

ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, өнімнің жұмысын жақсарту үшін рұқсат етілген құрамдас бөліктерді пайдаланыңыз.
- Қолдан жасалған өнімдерді пайдаланудан туындаған зақымдар немесе жарақаттар кепілдікке кірмейді.


ЕСКЕРТПЕ

- Өніммен бірге берілген қосалқы құралдар үлгіге қарай әртүрлі болуы мүмкін.
- Өнімнің техникалық сипаттары немесе осы нұсқаулықтағы мазмұн өнім функцияларының жаңартылуына байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- SuperSign бағдарламалық құралы және нұсқаулығы
  - LG Electronics веб-сайтынан жүктеп алу.
  - LG Electronics веб-сайтына (*www.lgecommercial.com/supersign*) кіріп, моделіңізге арналған ең соңғы бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
- Кепілдік өнімді аса шаңды ортада пайдаланудан туындаған қандай да бір зияндарды қамтымайды.

Қосымша қосалқы құралдар

Алдын ала ескертусіз, өнімнің жұмысын жақсарту мақсатында қосымша қосалқы құралдар өзгертіледі және жаңа қосалқы құралдар қосылуы мүмкін. Бұл нұсқаулықтағы суреттер нақты өнімнен және қосалқы құралдардан басқаша болуы мүмкін.

Тірек жинағы







Тірек

ST-322T	32SM5*
ST-432T	43SM5*/43SM3C
ST-492T	49SM5*/55SM5* 49SM3C/55SM3C
ST-652T	65SM5*

тірек бөлгіштері

32SM5*	-
43SM5* 43SM3C 49SM5* 49SM3C 55SM5* 55SM3C 65SM5*	2 EA


Бұрандалар

Диаметрі 4,0 мм x қадамы 0,7 мм

Моделі	**Ұзындығы** (серіппе шайбамен)	**Саны**
32SM5*	10 мм	6 EA
43SM5* 43SM3C 49SM5* 49SM3C 55SM5* 55SM3C	14 мм	8 EA
65SM5*	16 мм	8 EA

Динамик жинағы

(Тек **SM5C/**SM3C үлгісі үшін.)



Динамиктер SP-5000




Кабель ұстауыштар/ Кабель баулары



Бұрандалар


Диаметр 4,0 мм x қадамы 0,7 мм x ұзындығы 8 мм (серіппе шайбамен)



Бұрандалар

Диаметрі 4,0 мм x қадамы 1,6 мм x ұзындығы 10 мм

Мультимедиалық ойнатқыш жинағы
(Үлгіге байланысты оған қолдау көрсетілмеуі мүмкін.)



Мультимедиалық ойнатқыш
MP500/ MP700




Бұрандалар




Ықшам диск (иеленуші нұсқаулығы)/ карта


OPS жинағы



KT-OPSA



Бұрандалар



Байланыстыру кабелі




Карта (Параметрлерді жылдам орнату нұсқаулығы)



Қуат сымы

Пикселдік сенсор жинағы




KT-SP0

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір аймақтарда немесе кейбір үлгілер үшін кабель ұстағыш/кабель бауы берілмеуі мүмкін.
- Қосымша құралдар кейбір үлгілер үшін қолжетімді. Қажет болса, оларды бөлек сатып алыңыз.
- Пикселдік сенсор бөлек сатылады. Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті бөлшек сауда орнынан алуға болады.
- OPS жинағын немесе медиа ойнатқышын жалғамай тұрып кабельді портқа жалғаңыз.

Бөлшектер мен түймелер

Сурет үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.




- **INPUT**: Сигнал көзін өзгертеді.
- **MENU**: Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.
- ∧∨: Жоғары-төмен реттейді.
- < >: Солға-оңға жылжытады.
- **AUTO/SET**: Ағымдағы сигнал мен режимді көрсетеді.
- ⏻/I: Қуатты қосады немесе өшіреді.


Жад қақпағын жинау

USB жадының ұрлануын болдырмау үшін қақпақты бұрандамен көрсетілгендей жинаңыз.

1



2




Тіректі қосу


- Кейбір үлгілерге ғана.
- Сурет үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

32SM5*

1




2




43/49/55/65SM5*, 43/49/55SM3C


1



2



3




Динамиктерді қосу

- Кейбір үлгілерге ғана.
- Сурет үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.


32SM5C

1 Динамиктерді орнату алдында кіріс сигналының кабелін қосыңыз.




2 Төменде көрсетілгендей бұрандаларды пайдалана отырып динамиктерді бекітіңіз. Жалғамас бұрын қуат кабелінің ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Негізгі орнату




OPS қосулы күйде орнату




3 Одан кейін динамик кабелін жалғаңыз. Динамиктерді орнатқаннан кейін, динамик сымдарын реттеу үшін ұстағыштар мен сым түйіншектерін пайдаланыңыз.

Негізгі орнату




OPS қосулы күйде орнату




43/49/55/65SM5C, 43/49/55SM3C


1 Динамиктерді орнату алдында кіріс сигналының кабелін қосыңыз.



2 Төменде көрсетілгендей бұрандаларды пайдалана отырып динамиктерді бекітіңіз. Жалғамас бұрын қуат кабелінің ажыратылғанына көз жеткізіңіз.



3 Одан кейін динамик кабелін жалғаңыз. Динамиктерді орнатқаннан кейін, динамик сымдарын реттеу үшін ұстағыштар мен сым түйіншектерін пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТПЕ


- Кабельді шығарып алмастан бұрын қуатты өшіріңіз. Қосылып тұрғанда динамик кабелін жалғасаңыз немесе шығарып алсаңыз, дыбыс шықпауы мүмкін.

ИҚ сенсорына жалғау


Кабельді өнімге жалғаған кезде, қашықтан басқару құралының сигналдарын қабылдау мүмкіндігі іске қосылады. ИҚ датчикті экран бағдарына (пейзаж/портрет) сай айналдырыңыз.

- Сурет үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Негізгі орнату




[Алдыңғы жағы]




[Артқы жағы]

Альбомдық көрініс




[Алдыңғы жағы]




[Артқы жағы]

Кітаптық көрініс




[Алдыңғы жағы]



[Артқы жағы]

Портреттік орналасу

Портреттік режимінде орнату үшін, құрылғыны алдынан қарап тұрған кезде сағат тіліне қарсы 90 градусқа айналдырыңыз(экранға қарап тұрғанда).




Kensington құлпын пайдалану

(Бұл функция барлық үлгілер үшін мүмкін емес.)

Kensington қауіпсіздік жүйесінің коннекторы монитордың артында орналасқан. Бұл жүйені орнату және пайдалану туралы қосымша ақпаратты Kensington қауіпсіздік жүйесімен бірге берілген нұсқаулықтан қараңыз немесе *http://www.kensington.com*.

Kensington қауіпсіздік жүйесінің кабелін монитор мен үстелге жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ


- Kensington қауіпсіздік жүйесі қосымша мүмкіндік болып табылады. Қосымша құралдарды көптеген электроника дүкендерінен сатып алуға болады.
- Суретте орнатудың жалпы мысалы көрсетілген және көрінісі нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.

LG логотипті кронштейнді тағу және алу

- Кейбір үлгілерге ғана.
- Сурет үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін.


LG логотипті кронштейнді алу

1 Еденге бір таза мата жайып, оның үстіне мониторды экранымен төмен қаратып жатқызыңыз. Бұрағышты пайдаланып монитордың төменгі артқы жағындағы LG логотипті кронштейнді бекітетін бұранданы алыңыз.




LG логотипті кронштейн

2 Бұранданы алғаннан кейін LG логотипті кронштейнді алыңыз. LG логотипті кронштейнді қайта таққан кезде процесті кері ретпен қайталаңыз.




LG логотипті кронштейнді оң жағына тағу

1 Еденге бір таза мата жайып, оның үстіне мониторды экранымен төмен қаратып жатқызыңыз. Бұрағышты пайдаланып монитордың төменгі артқы жағындағы LG логотипті кронштейнді бекітетін бұранданы алыңыз.




2 Бұранданы алғаннан кейін LG логотипті кронштейнді алыңыз. Оны оң жағындағы тесікпен туралау арқылы LG логотипті кронштейнді тағыңыз.



Қабырғаға орнату

Тиісті түрде желдету үшін әр бүйірінен және қабырғадан 100 мм аралық қалдырыңыз. Нұсқауларды дилерден алуға болады, қосымша көлбеу қабырғаға бекіту кронштейнін орнату және орнату нұсқаулығын қараңыз.




Мониторды қабырғаға орнату үшін монитордың артқы жағына қабырғаға бекіту кронштейнін (қосалқы бөлшек) бекітіңіз.

Қабырғаға бекіту кронштейнінің монитор мен қабырғаға мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

1 VESA стандарттарына сай келетін бұрандалар мен қабырғаға бекіту кронштейндерін ғана пайдаланыңыз.
2 Стандартты ұзындықтан ұзын бұрандалар монитордың ішін зақымдауы мүмкін.
3 VESA стандартына сәйкес келмейтін бұранда өнімді зақымдауы және мониторды құлатуы мүмкін. LG Electronics компаниясы стандартты емес бұрандаларды пайдалануға байланысты жағдайларға жауапты емес.
4 Төмендегідей VESA стандартын пайдаланыңыз.

• 785 мм және одан көп
  * Бекіткіш бұрандалар: Диаметрі: 6,0 мм x қадамы: 1,0 мм x ұзындығы: 12 мм



⚠ ЕСКЕРТУ


- Ток соғу қаупінің алдын алу үшін мониторды қозғалтқанда немесе орналастырғанда қуат сымын ажыратыңыз.
- Мониторды төбеге немесе қисық қабырғаға орнатсаңыз, ол құлап, адамды жарақаттауы мүмкін. Тиісті LG қабырғаға бекіту құралын пайдаланып орнатуға көмектесу мақсатында жергілікті дилерге немесе білікті маманға хабарласыңыз.
- Бұрандаларды тым қатты бұрамаңыз, себебі ол мониторды зақымдап, кепілдік күшін жоюы мүмкін.
- VESA стандартына сай бұрандалар мен қабырғаға бекіту кронштейндерін ғана пайдаланыңыз. Дұрыс қолданбаудан немесе тиісті емес қосалқы құралдарды қолданудан туындаған барлық зақым немесе жарақаттар кепілдікте қамтылмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Қабырғаға бекіту жинағына орнату нұсқаулығы мен барлық керекті бөлшектер кіреді.
- Қабырғаға бекіту кронштейні қалауыңызша алынады. Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті бөлшек сауда орнынан алуға болады.
- Қажетті бұрандалардың ұзындығы қабырғаға бекіту құралына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Тиісті ұзындықты пайдаланыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін қабырғаға бекіту құралымен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

Өнімді қабырғаға бекіту (опция)

(Процедура үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.)



1 Құлақша бұрандаларды немесе кронштейндер мен бұрандаларды монитордың артқы жағына салып қатайтыңыз.
   - Егер құлақша бұрандалардың орнына бұрандалар салынған болса, алдымен басқа бұрандаларды алыңыз.
2 Қабырға қапсырмаларын болттардың көмегімен қабырғаға орнатыңыз. Монитордың артындағы қабырға кронштейнінің орны мен құлақшаны сәйкес келтіріңіз.
3 Құлақша бұрандалар мен қабырға кронштейндерін мықты сыммен жалғаңыз.
Бекітетін сымның тегіс жерге көлденең тұрғанына көз жеткізіңіз.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

- Егер монитор тұрақтылығы жеткілікті жерге қойылмаса, оның құлап кету қаупі бар. Көптеген жарақаттарды, әсіресе балалардың жарақаттануын мынадай қарапайым сақтық шараларын қолдану арқылы алдын алуға болады:
  - Өндіруші ұсынған шкафтарды немесе тіректерді пайдалану.
  - Мониторды қауіпсіз көтеріп тұра алатын жиһазды ғана пайдалану.
  - Монитор көтеріп тұрған жиһаздың шетінен шығып тұрмауын қамтамасыз ету.
  - Жиһаз бен мониторды лайықты тірекке бекітпестен өнімді биік жиһазға (мысалы, ыдыс-аяқ шкафтарына немесе кітап сөрелеріне) қоймау.
  - Монитор мен ұстап тұрған жиһаздың арасына киім немесе басқа заттар қоймау.
  - Балаларға мониторға немесе оның басқару элементтеріне қол жеткізу үшін жиһазға шығудың қауіпті екенін түсіндіру.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Балалар монитордың үстіне шықпасын немесе оған асылмасын.

❗ ЕСКЕРТПЕ

- Мониторды сенімді ұстап тұру үшін жеткілікті үлкен әрі берік тұғыр немесе шкаф қолданыңыз.
- Кронштейндер, бұрандалар мен сымдар бөлек сатылады. Қосымша қосалқы құралдарды жергілікті бөлшек сауда орнынан алуға болады.
- Суретте орнатудың жалпы мысалы көрсетілген және көрінісі нақты өнімнен басқаша болуы мүмкін.


ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ

Бұл нұсқаулықтағы сипаттамалар қашықтан басқару құралындағы түймелерге негізделген. Бұл нұсқаулықты мұқият оқып шығып, мониторды дұрыс пайдаланыңыз. Батареяларды салу үшін батарея қақпағын ашып, батареяларды (1,5 В AAA) ⊕ және ⊖ бастарын бөлімдегі белгілерге сәйкес қойып, батарея қақпағын жабыңыз. Батареяларды шығарып алу үшін орнату әрекеттерін кері тәртіппен орындаңыз. Суреттер нақты қосалқы құралдардан өзгеше болуы мүмкін.




⚠ ЕСКЕРТУ

- Ескі және жаңа батареяларды бірге салмаңыз. Қашықтан басқару құралы зақымдалуы мүмкін.
- Қашықтан басқару құралын монитордағы қашықтан басқару сигналын қабылдағышқа қарай бағыттаңыз.
- Басқару құралының кейбір мүмкіндіктері кейбір үлгілерде қолданылмауы мүмкін.



немесе



⏻ **(ҚУАТ)** Мониторды іске қосады және өшіреді.

MONITOR ON Мониторды қосады.

MONITOR OFF Мониторды өшіреді.

ENERGY SAVING Тұтынылатын қуатты азайту үшін суреттің жарықтығын реттейді.

INPUT / Кіріс режимін таңдайды.

3D / 3D 3D бейнелерді көру үшін пайдаланылады.

1/a/A Сандық және әріптік таңба арасында ауысады.

Сан және әріп түймелері

Параметрге байланысты сандық немесе әріптік таңбаларды енгізеді.

CLEAR Енгізілген сандық немесе әріптік таңбаны жояды.


Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту түймесі Дыбыс деңгейін реттейді.

ARC Кадр пішімінің режимін таңдайды.

AUTO Суреттің орнын автоматты түрде реттейді және суреттің тұрақсыздығын азайтады.(тек RGB кіріс сигналында бар).

MUTE / Бүкіл дыбыстарды өшіреді.

BRIGHTNESS Экранның жарықтығын реттейді. PAGE функциясы бұл үлгіде қолданылмайды.



PSM Сурет режимін таңдайды.

HOME / Іске қосу құралын қосады.

W.BAL Ақ түс балансы мәзірін ашады.

SETTINGS / Негізгі мәзірлерге кіреді немесе енгізілген ақпаратты сақтап, мәзірлерден шығады.

S.MENU SuperSign мәзірінің пернесі.

Шарлау түймелері Мәзірлер немесе параметрлерде жылжиды.

OK Мәзірлер мен параметрлерді таңдап, енгізуді растайды.

BACK Пайдаланушымен әрекеттестік функциясында бір қадам артқа жылжуға мүмкіндік береді.

EXIT Барлық OSD тапсырмалары мен қолданбаларынан шығыңыз.

SIMPLINK Қашықтан басқару құралын пайдаланып, SimpLink мәзірі арқылы мультимедианы оңай пайдалану үшін түрлі мультимедиалық құрылғыларды қадағалауға мүмкіндік береді.

TILE TILE (Мозаика) режимін таңдайды.

PICTURE ID ON/OFF Сурет идентификаторы нөмірі Құрылғы идентификаторы нөмірімен сәйкес келгенде, қажетті мониторды көп экранды форматта басқаруға болады.

USB мәзірін басқару құралы Медиа ойнатылуын басқарады.

ЖАЛҒАУ ҮЛГІЛЕРІ

Әр түрлі сыртқы құрылғыларды мониторға жалғауға болады. Кіріс режимін өзгертіп, жалғағыңыз келген сыртқы құрылғыны таңдаңыз. Сыртқы құрылғыға жалғау туралы қосымша ақпаратты әр құрылғымен берілген пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Компьютерге жалғау

Кейбір кабельдер берілмеген.

Бұл монитор Plug and Play* мүмкіндігін қолдайды.

* Plug and Play: қосқан кезде компьютерге пайдаланушы бекіткен құрылғыларды құрылғы конфигурациясынсыз немесе пайдаланушының араласуынсыз тануға мүмкіндік беретін мүмкіндік.

Сыртқы құрылғыны қосу

HD ресиверін, DVD немесе бейнемагнитофонды мониторға жалғап, тиісті кіріс режимін таңдаңыз.

Кейбір кабельдер берілмеген. Сурет пен дыбыс сапасын жақсарту үшін сыртқы құрылғыларды мониторға HDMI кабельдерімен жалғау ұсынылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сурет сапасын жақсарту үшін мониторды HDMI жалғау үлгісімен пайдалану ұсынылады.
- Өнімнің техникалық сипаттарына сәйкес болу үшін D-sub 15 істікшелі кабелі және DVI-D/HDMI кабелі сияқты феррит өзегі бар, экрандалған интерфейс кабелін қолданыңыз.
- Құрылғы суып тұрғанда мониторды қоссаңыз, экран жыпылықтауы мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай.
- Экранда бірнеше қызыл, жасыл немесе көк нүкте пайда болуы мүмкін. Бұл — қалыпты жағдай.
- Жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелін пайдаланыңыз.
- HDMI логотипі жабыстырылған сертификатталған кабельді пайдаланыңыз. Сертификатталған HDMI кабелін пайдаланбасаңыз, экран көрінбеуі немесе байланыс қатесі орын алуы мүмкін.
- Ұсынылған HDMI кабель түрлері
  - Жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі
  - Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI®/™ кабелі
- Егер HDMI режимінде ешқандай дыбыс естілмесе, компьютердің параметрлерін тексеріңіз. Кейбір компьютерлер әдепкі шығыс дыбысын HDMI күйіне қолмен өзгертуді қажет етеді.
- HDMI-PC режимін пайдаланғыңыз келсе, PC/DTV PC режиміне орнату керек.
- HDMI-PC режимі пайдаланылса, үйлесімділік мәселелері туындауы мүмкін.
- Қуат кабелі ажыратылғанын тексеріңіз.
- Ойын құрылғысын мониторға жалғаған кезде, ойын құрылғысымен бірге берілген кабельді қолданыңыз.
- Қосымша қосалқы құралдар ретінде берілген динамиктерді пайдалану ұсынылады.
- High Speed HDMI®/™ кабельдері 1080p және одан жоғары HD сигналын өткізе алады.

ЕСКЕРТУ

- Сигнал кірісі кабелін жалғап, бұрандаларды оңға бұрап бекітіңіз.
- Экранды саусағыңызбен ұзақ баспаңыз, себебі экрандағы бейне уақытша бұрмаланып көрсетілуі мүмкін.
- Бейненің ізі қалмауы үшін, экрандағы бейнені ұзақ уақыт тоқтатып қоймаңыз. Мүмкін болса, экран қорғағышын пайдаланыңыз.
- Монитордың жанындағы сымсыз байланыс құрылғысы кескінге әсер етуі мүмкін.

Кіріс көздерінің тізімі параметрін пайдалану

HOME / →

• RGB → HDMI → DVI-D → DISPLAYPORT → OPS

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Ешқандай сурет көрсетіліп тұрған жоқ.

Мәселе	Шешімі
Өнімнің қуат сымы жалғанған ба?	• Қуат сымының розеткаға дұрыстап жалғанғанын тексеріңіз.
"Invalid Format" (Жарамсыз пішім) хабары пайда болды ма?	• Компьютерден (бейне карта) келетін сигнал өнімнің тік немесе көлденең жиіліктерінен тыс. Осы нұсқаулықтағы «Техникалық сипаттар» бөлімін қарап, жиілік диапазонын реттеңіз.
“No Signal" (Сигнал жоқ) хабары пайда болды ма?	• Компьютер мен өнім арасында сигнал кабелі жалғанбаған. Сигнал кабелін тексеріңіз. • Кіріс сигналын тексеру үшін қашықтан басқару құралындағы INPUT түймесін басыңыз.

Өнім жалғанғанда, «Unknown Product» (Белгісіз өнім) хабары көрсетіледі.

Мәселе	Шешімі
Драйверді орнаттыңыз ба?	• Бейне картасының пайдаланушы нұсқаулығын қарап, Plug and Play функциясына қолдаудың бар-жоғын тексеріңіз.

Экранның түрі әдеттегідей емес.

Мәселе	Шешімі
Экран орны қате ме?	• Өнімнің бейне карта ажыратымдылығы мен жиілігін қолдайтынын тексеріңіз. Жиілік шектен тыс болса, [Басқару панелі] → [Дисплей] → [Параметр] мәзірінде ұсынылған ажыратымдылықты орнатыңыз. (Параметрлер операциялық жүйеге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.)
Экран дұрыс көрсетілмейді.	• Сигнал портына тиісті кіріс сигналы жалғанбаған. Көздің кіріс сигналына сәйкес келетін сигнал кабелін жалғаңыз.

Өнімде бейне ізі пайда болады.

Мәселе	Шешімі
Бейне ізі өнім өшірілгеннен кейін пайда болады.	• Жылжымайтын бейнені ұзақ уақыт пайдалансаңыз, пикселдер зақымдалуы мүмкін. Экран сақтағышы функциясын пайдаланыңыз. • Жоғары контрасты (қара және ақ немесе сұр) суреттен кейін экранда күңгірт сурет көрсетілгенде, бұл суреттің жабысуын тудыруы мүмкін. Бұл — СКД экранды өнімдер үшін қалыпты жағдай.

Дыбыс функциясы жұмыс істемейді.

Мәселе	Шешімі
Дыбыс шықпай ма?	• Дыбыс кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. • Дыбыс деңгейін реттеңіз. • Дыбыстың дұрыс реттелгенін тексеріңіз.
Дыбыс жай шығады.	• Тиісті эквалайзер дыбысын таңдаңыз.
Дыбыс деңгейі тым төмен.	• Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Экран түсі әдеттегідей емес.

Мәселе	Шешімі
Экранның түс ажыратымдылығы нашар (16 түс).	• Түстер санын 24 биттен артық (нақты түс) мәнге қойыңыз. [Басқару тақтасы] → [Дисплей] → [Параметрлер] → [Түс кестесі] тармағын Windows жүйесінен таңдаңыз. (Параметрлер операциялық жүйеге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.)
Экран түсі тұрақсыз немесе бір түсті.	• Сигнал кабелінің байланыс күйін тексеріңіз. Не болмаса, компьютердің бейне картасын қайта салыңыз.
Экранда қара дақтар пайда бола ма?	• Экранда бірнеше пиксель (қызыл, жасыл, көк, ақ немесе қара түсті) көрсетілуі мүмкін. Олар СКД панелінің бірегей ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл СКД ақауы емес.

Әрекеттер дұрыс орындалмайды.


Мәселе	Шешімі
Қуат кенет ажыратылды.	• Автоматты Timers (Таймер) қойылған ба? • Қуатты басқару параметрлерін тексеріңіз. Қуат ажыратылды.

ЕСКЕРТУ


- Кескіннің жабысуы тұрақты түрде өзгеретін кескіндерді пайдалану кезінде орын алмайды, бірақ бекітілген кескінді ұзақ уақыт бойы пайдалану кезінде орын алуы мүмкін. Сондықтан, бекітілген кескінді пайдалану кезінде орын алатын кескіннің жабысу ықтималдығын азайту үшін төмендегі нұсқауларды пайдалану ұсынылады. Экранды ең кем дегенде 12 сағат сайын өзгерту ұсынылады; жиірек орындасаңыз, кескіннің жабысуын болдырмау тиімдірек болады.

Ұсынылатын жұмыс жағдайлары

1 Фон мен таңба түстерін бірдей уақыт аралығын пайдаланып өзгертіңіз.



Түстерді өзгерту кезінде қосымша түстерді пайдалану кескіннің жабысуын болдырмауға көмектеседі.



ITO немесе MoTi Pixel қабаты

2 Кескінді бірдей уақыт аралығын пайдаланып өзгертіңіз.



Кескінді өзгерту алдында таңбалардың немесе кескіндердің кескінді өзгертуден кейін бірдей орында қалуын тексеріңіз.

Кескіннің жабысуы деген не?

СКД панелі тұрақты кескінді ұзақ уақыт бойы көрсеткенде, ол сұйық кристалдарды басқаратын электродтар арасында кернеу айырмашылығын тудыруы мүмкін. Электродтар арасында кернеу айырмашылығы уақыт өте құрылғанда, сұйық кристалдар бір бағытта тураланып қалуға бейім болады. Осы процесс кезінде алдыңғы көрсетілген кескін көрініп тұрады. Бұл құбылыс «кескіннің жабысуы» деп аталады.

ӨНІМ СИПАТТАРЫ

Төмендегі өнім сипаттары өнім функцияларының жаңартылуына байланысты алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

" ~ " айнымалы токқа (AT), ал " ⎓ " тұрақты токқа (TT) қатысты.

СКД экраны	Экран түрі	Thin Film Transistor (TFT) Сұйық кристалды дисплей (СКД) экраны
Бейне сигналы	Ең жоғарғы ажыратымдылық	1920 x 1080 @ 60 Гц - Кейбір операциялық жүйе немесе бейнекарта түріне қарай қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
	Ұсынылған ажыратымдылық	1920 x 1080 @ 60 Гц - Кейбір операциялық жүйе немесе бейнекарта түріне қарай қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
	Көлденең жиілік	RGB: 30 кГц және 83 кГц HDMI/ DVI-D/ DisplayPort: 30 кГц және 83 кГц
	Тік жиілік	RGB: 56 Гц және 75 Гц аралығында HDMI/ DVI-D/ DisplayPort: 56 Гц және 60 Гц аралығында
	Қадамдастыру түрі	Бөлек қадамдастыру, Сандық
Кіріс/шығыс порттар	**SM5C/ **SM3C	SPEAKER OUT, AUDIO IN/OUT, RS-232C IN/OUT, PIXEL SENSOR, IR & LIGHT SENSOR, HDMI, DVI-D IN, DP IN/OUT, RGB IN, LAN, USB 3.0 IN, SD
	**SM5KC	AUDIO IN/OUT, RS-232C IN/OUT, PIXEL SENSOR, IR & LIGHT SENSOR, HDMI, DVI-D IN, DP IN/OUT, RGB IN, LAN, USB 3.0 IN, SD
Кірістірілген батарея		Бар
Қоршаған орта шарттары	Жұмыс температурасы Жұмыс ортасының ылғалдылығы	0 °C және 40 °C 10 % және 80 %
	Сақтау температурасы Сақтау ылғалдылығы	-20 °C және 60 °C 5 % және 85 %

* Тек динамиктерді қолдайтын үлгілерде қолданылады

Дыбыс	Орташа квадраттық мәндік дыбыс шығысы	10 Вт + 10 Вт (О + С)
	Кіріс сигналының сезімталдығы	0,7 Vrms
	Динамиктің импендансы	6 Ω

32SM5C

СКД экраны	Пиксел қадамы	0,36375 мм (Көл.) x 0,36375 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,4 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 60 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	729,4 мм x 428,9 мм x 55,5 мм / 5,2 кг
	Экран + тірек	729,4 мм x 481 мм x 154,2 мм / 6 кг
	Экран + Динамик	729,4 мм x 428,9 мм x 95,7 мм / 5,7 кг
	Экран + Динамик + Тірек	729,4 мм x 481 мм x 154,2 мм / 6,5 кг

32SM5KC

СКД экраны	Пиксел қадамы	0,36375 мм (Көл.) x 0,36375 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,4 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 60 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	729,4 мм x 428,9 мм x 55,5 мм / 5,4 кг
	Экран + тірек	729,4 мм x 481 мм x 154,2 мм / 6,2 кг

43SM5C, 43SM3C

СКД экраны	Пиксел қадамы		0,4902 мм (Көл.) x 0,4902 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі		100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 0,9 А
	Тұтынылатын қуат	43SM5C	Қосу режимі: 75 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
		43SM3C	Қосу режимі: 70 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран		969,6 мм x 563,9 мм x 38,6 мм / 9,8 кг
	Экран + тірек		969,6 мм x 622,2 мм x 193 мм / 12,3 кг
	Экран + Динамик		969,6 мм x 563,9 мм x 67,9 мм / 10,3 кг
	Экран + Динамик + Тірек		969,6 мм x 622,2 мм x 193 мм / 12,8 кг

43SM5KC

СКД экраны	Пиксел қадамы	0,4902 мм (Көл.) x 0,4902 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 0,9 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 75 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	969,6 мм x 563,9 мм x 54 мм / 10,0 кг
	Экран + тірек	969,6 мм x 622,2 мм x 193 мм / 12,5 кг

49SM5C, 49SM3C

СКД экраны	Пиксел қадамы		0,55926 мм (Көл.) x 0,55926 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі		100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,0 А
	Тұтынылатын қуат	49SM5C	Қосу режимі: 85 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
		49SM3C	Қосу режимі: 80 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран		1102,2 мм x 638,5 мм x 38,6 мм / 14,1 кг
	Экран + тірек		1102,2 мм x 696,8 мм x 219,6 мм / 17,4 кг
	Экран + Динамик		1102,2 мм x 638,5 мм x 67,9 мм / 14,6 кг
	Экран + Динамик + Тірек		1102,2 мм x 696,8 мм x 219,6 мм / 17,9 кг

49SM5KC

СКД экраны	Пиксел қадамы	0,55926 мм (Көл.) x 0,55926 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,0 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 85 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	1102,2 мм x 638,5 мм x 54 мм / 14,3 кг
	Экран + тірек	1102,2 мм x 696,8 мм x 219,6 мм / 17,6 кг

55SM5C, 55SM3C

СКД экраны	Пиксел қадамы		0,630 мм (Көл.) x 0,630 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі		100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,1 А
	Тұтынылатын қуат	55SM5C	Қосу режимі: 100 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
		55SM3C	Қосу режимі: 95 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран		1238 мм x 714,9 мм x 38,6 мм / 17,3 кг
	Экран + тірек		1238 мм x 773,4 мм x 219,6 мм / 20,6 кг
	Экран + Динамик		1238 мм x 714,9 мм x 67,9 мм / 17,8 кг
	Экран + Динамик + Тірек		1238 мм x 773,4 мм x 219,6 мм / 21,1 кг

55SM5KC

СКД экраны	Пиксел қадамы	0,630 мм (Көл.) x 0,630 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,1 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 100 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	1238 мм x 714,9 мм x 54 мм / 17,5 кг
	Экран + тірек	1238 мм x 773,4 мм x 219,6 мм / 20,8 кг

65SM5C

СҚД экраны	Пиксел қадамы	0,744 мм (Көл.) x 0,744 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,4 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 120 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	1456,9 мм x 838 мм x 41,1 мм / 27,7 кг
	Экран + тірек	1456,9 мм x 898,1 мм x 293,7 мм / 32,9 кг
	Экран + Динамик	1456,9 мм x 838 мм x 70,4 мм / 28,2 кг
	Экран + Динамик + Тірек	1456,9 мм x 898,1 мм x 293,7 мм / 33,4 кг

65SM5KC

СҚД экраны	Пиксел қадамы	0,744 мм (Көл.) x 0,744 мм (Тік)
Қуат	Номиналды кернеуі	100-240 В айнымалы ток, 50/60 Гц 1,4 А
	Тұтынылатын қуат	Қосу режимі: 120 Вт (әдетте) Ұйқы режимі : ≤ 0,5 Вт Өшіру режимі: ≤ 0,5 Вт
Өлшемдері (ені x биіктігі x қалыңдығы) / салмағы	Экран	1456,9 мм x 838 мм x 56,5 мм / 27,9 кг
	Экран + тірек	1456,9 мм x 898,1 мм x 293,7 мм / 33,1 кг

Сымсыз модулінің (LGSBW41) техникалық сипаттары	
Сымсыз жергілікті желі (IEEE 802.11a/b/g/n)	
Жиілік ауқымы (МГц)	Шығыс қуаты (макс.)
2400 және 2483,5	16 дБм
5150 және 5250	16 дБм
5725 және 5850 (ЕО елдеріне арналмаған)	11,5 дБм
Bluetooth	
Жиілік ауқымы (МГц)	Шығыс қуаты (макс.)
2400 және 2483,5	10 дБм

- Диапазон арналары елге байланысты әртүрлі болатындықтан, пайдаланушы жұмыс жиілігін өзгерте немесе реттей алмайды. Бұл өнім аймақтық жиілік кестесіне сәйкес конфигурацияланады.
- Пайдаланушыға ескерту: бұл құрылғы адам денесі мен құрылғының арасында ең азы 20 см аралықта орнатылып, пайдаланылуы қажет.

RGB (PC) қолдау көрсетілетін режим

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)
720 x 400	31,468	70,8
640 x 480	31,469	59,94
800 x 600	37,879	60,317
1024 x 768	48,363	60,0
1280 x 720	44,772	59,855
1600 x 900	60	60
1280 x 1024	63,981	60,02
1680 x 1050	65,29	59,954
1920 x 1080	67,5	60

HDMI/ DVI-D/ DisplayPort/ OPS (PC) қолдау көрсету режимі

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)
800 x 600	37,879	60,317
1024 x 768	48,363	60
1280 x 720	44,772	59,855
1366 x 768	47,712	60
1280 x 1024	63,981	60,02
1680 x 1050	65,290	59,954
1920 x 1080	67,5	60

HDMI/ DisplayPort/ OPS (DTV) қолдау көрсету режимі

Ажыратымдылық	Жол жиілігі (кГц)	Кадр жиілігі (Гц)
480/60p	31,5	60
576/50p	31,25	50
720/50p	37,5	50
720/60p	45	60
1080/50i	28,1	50
1080/60i	33,75	60
1080/50p	56,25	50
1080/60p	67,5	60

ЕСКЕРТПЕ

- Компьютер ажыратымдылықтары RGB / HDMI / DVI-D / DisplayPort кіріс режимінде кіріс белгісі параметрі үшін қолданылады: 640 x 480/60 Гц, 1280 x 720/60 Гц, 1920 x 1080/60 Гц; 480p, 720p және 1080p DTV ажыратымдылықтары.
- Тік жиілік: Өнім дисплейі флюоресцентті лампа сияқты секунд сайын өзгермелі экран кескінімен жұмыс істейді.

  Тік жиілік немесе жаңарту жылдамдығы — секундына көрсетілетін кескін саны. Бірлігі — Гц.
- Көлденең жиілік: Көлденең аралық — көлденең сызықта көрсету уақыты. 1 көлденең аралықпен бөлінгенде, секунд сайын көрсетілетін көлденең сызықтардың саны жол жиілігі ретінде жіктелуі мүмкін. Бірлігі — кГц.

ENERGY STAR® is a set of power-saving guidelines issued by the U.S.Environmental Protection Agency (EPA).
As an ENERGY STAR® Partner LGE U. S. A., Inc. has determined that this product meets the ENERGY STAR® guidelines for energy efficiency.
Refer to ENERGYSTAR.gov for more information on the ENERGY STAR® program.

Өнімді қолданар алдында қауіпсіздік шараларын оқыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ үлгісі мен сериялық нөмірлері ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ артқы жағында және бір бүйірінде орналасқан. Қызмет қажет болғанда пайдалану үшін осы деректерді жазып қойыңыз.

ҮЛГІ _____

СЕРИЯЛЫҚ _____

ЕСКЕРТПЕ

- 32SM5C және 32SM5KC үлгілері EPA's ENERGY STAR арқылы сертификатталмаған.

Бұл құрылғыны ҚОСУ немесе ӨШІРУ кезіндегі уақытша шу — қалыпты нәрсе.